

## Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 2 ақпандағы N 2923.

Қазақстан Республикасы азаматтарының тегі мен әкесінің атын қазақша жазу тәжірибесін қазақ халқының қалыптасқан тарихи дәстүрлеріне сәйкес келтіру жөніндегі көптеген өтініш-тілектерін ескере келіп, қаулы етемін:

1. Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес аффиксті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс. Бұл ретте әкесінің атын жазған кезде азаматтың жынысына қарай "ұлы" немесе "қызы" сөздері қосылып, бірге жазылады.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және жеке басының куәлігін берген кезде құжаттандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы Жарлықтың 1-тармағында көзделгендей, тегі мен әкесінің атының жазылуын оңайлатылған тәртіппен, азаматтық хал-ахуалын жазу актілеріне өзгерістер енгізусіз жүргізеді деп белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2012.02.04 N 265**

**Жарлығымен.**

3. Азаматтың тегі мен әкесінің атының жазылуын өзгертуі оның құқықтық субъектілігін қозғамайды, яғни тегі мен әкесінің атының бұрынғы жазылуында алған құқықтары мен міндеттерін доғаруға немесе өзгертуге негіз бола алмайды.

4. Азаматтардың тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге байланысты қалған барлық өзге мәселелер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шешіледі.

5. Республика Үкіметі өзінің құқықтық нормативтік актілерін және республиканың орталық атқарушы органдарының актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлық, 1996 жылдың 1 мамырынан күшіне енетін 2-тармағын қоспағанда, жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н  
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң